



• КӘСІПКЕРЛІК

Қарағанды ісмерлері мектеп формасын тігеді

Қарағанды облысында мектеп формасын тігетін пилоттық жоба басталды. Бастамаға «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы ұйытқы болып, жергілікті жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары мен білім беру ұйымдары арасында тікелей байланыс орнатылды. Жобаның басты мақсаты – оқушыларды сапалы әрі қолжетімді мектеп формасымен қамту арқылы ішкі нарықты дамыту және импортқа тәуелділікті азайту.

Жамал СОВЕТҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Пилоттық жоба облыс аумағындағы бірқатар мектептерді қамтиды. Оның аясында ата-аналарға отандық өндірушілердің өнімдері ұсынылып, форма үлгілері алдын ала таныстырылады. Барлық өнім мемлекеттік стандарт талаптарына сай тігіліп, әр кәсіпорында сапа бақылауынан өтеді. Өндірушілер ата-аналар комитеттерімен келіссөз жүргізіп, модель, түс және мата сапасына қатысты ортақ шешім қабылдай алады.

Қазіргі таңда мектеп формасы нарығында импорттық өнім басым. Кей кезеңдерде бұл көрсеткіш жүз пайызға дейін жеткені айтылады. Сондықтан, алдағы бес жыл ішінде ішкі нарықты толықтай отандық өніммен қамту стратегиялық міндет ретінде белгіленіп отыр. Бұл – экономиканы әртараптандыру саясатының нақты көрінісі.

Жобаның экономикалық тиімділігі бірнеше бағытта байқалуы ықтимал. Біріншіден, импорт көлемі қысқарып, ішкі өндірістің үлесі артады. Екіншіден, облыстағы тігін фабрикалары мен шағын цехтар тұрақты тапсырыс иеленеді. Үшіншіден, жаңа жұмыс орындары ашылып, өңірдегі әлеуметтік тұрақтылық нығаяды. Сонымен қатар, өндіріс көлемінің ұлғаюы бюджетке түсетін салық түсімдерінің өсуіне әсер етуі мүмкін.

Әлеуметтік тұрғыдан алғанда, бірыңғай мектеп формасы оқушылар арасындағы теңдік қағидатын күшейтеді. Біркелкі киім әлеуметтік айырмашылықты азайтып, психологиялық



Коллажды жасаған Арайлым Көкстаева

жайлылық қалыптастыруға ықпал етеді. Ата-аналар үшін де баға мен сапаның үйлесімді болуы маңызды. Жауапты тараптардың айтуынша, өнім құны қолжетімді деңгейде сақталып, сапаға ерекше назар аударылады.

– Жеңіл өнеркәсіп саласы бойынша пилоттық жобаны іске қосу туралы шешім ішкі нарықты қазақстандық тауарлармен толықтыру қажеттілігіне байланысты қабылданды. Бүгінде мектеп формасының 100 пайызы – импорт. Алдағы бес жыл ішінде бұл көрсеткішті толықтай отандық өндіріс арқылы алмастыру көзделуде. Қазіргі кезеңде жобаға нақты қанша кәсіпорын қатысатыны туралы мәлімет жоқ. Дегенмен, негізгі міндет – өңірдегі бос тұрған өндірістік қуаттарды іске қосу. Жоба сәтті жүзеге асса, өндірісті кеңейту мәселесі қарастырылады, – деді «ЕСКО» ЖШС директоры, өңірлік кеңес мүшесі, Қарағанды облысы Кәсіпкерлер палатасы жеңіл өнеркәсіп кеңесінің төрағасы Андрей Шмарин.

Аталған бастама өңірлік деңгеймен шектелмейді. Ол елімізде жүргізіліп жатқан импортты алмастыру және отандық өндірушіні қолдау саясатының бір бөлігі саналады. Егер пилоттық жоба оң нәтиже берсе, тәжірибе республикаға таратылуы мүмкін. Мұндай жағдайда мектеп формасына қатысты бірыңғай ұлттық стандарт қалыптастыру және жеңіл өнеркәсіпке қосымша қолдау тетіктерін енгізу мәселесі де күн тәртібіне шығуы ықтимал.

Әр пилоттық жоба секілді бұл бастаманың да тәуекелдері бар. Өндіріс көлемінің жеткілікті болуы, бағаның нарықтағы бәсекеге қабілеттілігі, материал сапасының тұрақтылығы және ата-аналардың сенімі – жобаның табысты жүзеге асуына тікелей әсер ететін факторлар. Сондықтан, ашықтықты қамтамасыз ету, қоғамдық бақылау мен кері байланыс тетіктерін тиімді ұйымдастыру маңызды.

– Жоба аясында ата-аналар мен

мектептердің таңдау еркіндігі сақталады. Жеткізушілер мен тапсырыс берушілердің кездесуі үшін арнайы шоурумдар ұйымдастырылып, өндіріс нақты сұранысқа сәйкес жүргізіледі. Отандық өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігіне кедергі келтіретін негізгі мәселе – кедендік баж салығын, салықтарды төлемейтін әрі әкелінетін өнімді сертификаттаудан өткізбейтін жосықсыз импорттаушылар. Бұл ішкі нарықтағы әділ бәсекеге кері әсер етеді. Пилоттық жобаның тиімділігі жобаға қосылуға ниет білдірген мектептер санының артуымен бағаланады. Бұл баға мен сапаның тұтынушылар талабына сай екенін көрсетеді. Көпбалалы және әлеуметтік осал отбасылар үшін жеңілдіктер қарастыру міндетті түрде жүзеге асырылады, – деді Андрей Шмарин.

Қарағанды облысында басталған мектеп формасын отандық өндірістің тігуі – экономикалық және әлеуметтік маңызы зор бастама.



Орталық референдум комиссиясының ҮНДЕУІ

**ҚҰРМЕТТІ
РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУШЫ!**

Сіздің референдумға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асырудың кепілі Сізді республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізу болып табылады.

Тізімдерді жергілікті атқарушы органдар дауыс беру үшін нақты учаскенің аумағында тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар берген өтініші негізінде тізімдерге енгізіледі.

Дауыс беруге арналған учаскелер мен олардың шекаралары туралы мәліметтерді тиісті әкімдер 2026 жылғы 21 ақпанға дейін жариялайтын болады. Сіз өзіңіздің учаскеніңді біліп, тізімге енгізілгеніңізді тіркелген жеріңіз бойынша жергілікті атқарушы органға хабарласу арқылы тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

2026 жылғы 27 ақпаннан бастап Сіздің дауыс беру учаскеніңізге Сізге республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтар тізімінде өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Егер қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына өтінішпен жүгіне аласыз.

Сізді азаматтық жауапкершілік танытуға және 2026 жылғы 15 наурызда республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!

• РЕСМИ

Кезекке қалай тұруға болады?

Елімізде тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды есепке алу және кезекке қою рәсімін «Отбасы банк» акционерлік қоғамы жүзеге асырады. Өтінім беру толықтай электронды форматта жүргізіледі.

Өтініш беру үшін азаматтар otbasybank.kz интернет-порталына кіріп, «Өтінім беру» батырмасын таңдауы қажет. Жүйеге кіру электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) арқылы жүзеге асырылады. Тіркеуден өткеннен кейін өтініш беруші жеке кабинетіне кіріп, «Өз атынан өтініш беру» немесе «Занды өкіл ретінде өтініш беру» қызметтерінің бірін таңдайды.

Тұрғын үйге мұқтаждар тізіміне «Алтын алқа», «Күміс алқа» иегерлері, «Батыр ана» атағын алған көпбалалы аналар, төрт және одан да көп кәмелетке толмаған баласы бар көпбалалы отбасылар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, тұрғын үйі белгіленген тәртіппен апаттық жағдайда деп танылған азаматтар енгізіледі.

Кезекке қою немесе бас тарту туралы шешім заңнама талаптарына сәйкес қабылданады.

Өз тілшімізден

Құқықтық сана – қылмысқа тосқауыл

Жастар арасындағы есірткі қылмысының алдын алу және киберқауіпсіздік – қоғамның ең өзекті тақырыбының бірі. Әсіресе, әлеуметтік желілер мен ғаламтор кеңістігі арқылы жасалатын құқықбұзушылықтар жас буынды тура шырмауыққа шырмауда.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Осындай келеңсіздіктердің алдын алып, жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру мақсатында Ж.Буменов атындағы Қарағанды банк колледжінде «Заң мен тәртіп» жобасы аясында мазмұнды кездесу өтті.

Алдымен колледж директоры Надия Спанова сөз алып, мұндай кездесулердің маңыздылығына тоқталды. Ол жастардың құқықтық сауатын арттыру – білім беру ұйымдарының да басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

– Мұндай кездесулерді жай ғана дәріс деп емес, студенттердің өмірлік бағытын айқындайтын маңызды тәрбие сағаты деп білеміз. Құқықтық сауаттылық пен жеке жауапкершілік – жас маманға аса қажет. Сондықтан, біз

жастарды заң талаптарын құрметтеуге, қауіп-қатерден сақ болуға және саналы таңдау жасауға бағыт-бағдар береміз, – деді Надия Қалиқызы.

Әрі қарай облыс прокурорының орынбасары Еділ Жұбанов сөз алып, жастардың интернет-алаяқтық пен есірткі айналымына қалай тартылатынын нақты мысалдармен түсіндіріп өтті.

Еділ Аязбайұлының айтуынша, қазіргі таңда қылмыстық топтар әлеуметтік желілер мен жалған сайттар арқылы студенттердің жеке деректерін иемденіп, оларды «дроппер» ретінде пайдаланады. Яғни, банк картасын, жеке мәліметін берген жас азамат өзі байқамай қылмыстық схеманың бір бөлігіне айналады. Мұндай әрекет үшін Қылмыстық кодекстің 232-бабы бойынша 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қарастырылған.

Сонымен қатар, жастарды «жеңіл табы» уәдесімен есірткі тасымалдаушы – «закладчик» ретінде арбайтын жағдайлар жиілегені айтылды. Қылмыстық кодекстің 297-бабына сәйкес есірткіге қатысты құқықбұзушылықтар үшін 20 жылға дейін жаза көзделген.

Кездесуде Қарағанды облысы полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Қуаныш Орынбетов те «Бір рет кателік жасау – бүкіл тағдырға таңба

түсірумен тең», – деп жастарға ой салды. Ол жастардың көбіне әлеуметтік желідегі жарнамалар арқылы арбалатынын, ал, шынайы ұйымдастырушылардың көбіне ел аумағынан тыс жерде болатынын жалпақ тілмен түсіндіріп өтті.

Теориялық бөлімнен кейін студенттерге арнайы бейнеролик көрсетілді. Одан соң іс-шара практикалық бағытта жалғасты. Арнайы дайындалған қызметтік итердің есірткі мен жарылғыш заттарды анықтауы көрсетілді. Солардың бірі – лабрадор-ретривер тұқымды «Бакс» атты ит. Ол полиция лейтенанты Алмас Жанысбаев жетекшілігімен жұмыс істейді.

– Қызметтік итерді оқыту одорологиялық әдістеме негізінде жүргізіледі. Алдымен иіс имитаторлары арнайы тасымалдағышқа – көбіне ойыншыққа сіңіріледі, кейін шартты рефлекс қалыптастыру арқылы ит белгілі бір иісті нақты объектімен байланыстырады. Бұл – иісті дифференциациялау және тұрақты идентификациялау қабілетін бекітетін кезең. Ең қызығы, иттің иіс сезу қабілетінің ерекшелігі де сол – ол миллиондаған иісті ажырата алады. Жүйелі жаттығу нәтижесінде ит есірткі заттарының өсімдік және синтетикалық түрлерін, сондай-ақ, жарылғыш заттардың иісін сенімді түрде ажыратады, – деді Алмас Бактиярұлы.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

Практика барысында студенттердің сөмкелеріне арнайы дайындалған заттар жасырылып, «Бакс» оларды дәл тауып көрсетті. Сонымен қатар, облыстық полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Нұрым Сәдуақасов студенттермен кері байланыс форматында қызғылықты дәріс өткізді. Ашық сұқбат түрінде өткен бұл бөлімде жастар көкейлеріндегі сұрақтарын қойып, тұщымды жауап алды.

Кездесу соңында белсенділік танытқан студенттерге арнайы сыйлықтар үлестірілді. Жалпы алғанда, «Заң мен тәртіп» жобасы аясындағы бұл іс-шара тек ақпараттық сипатта ғана емес, тәрбиелік, профилактикалық мәні зор кездесу болды. Жастарға қылмыстың салдары нақты мысалдармен көрсетіліп, заң талаптары түсіндірілді. Осындай мазмұнды басқосулар өскелең ұрпақтың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, саналы таңдау жасауына және қоғамдағы тәртіпті нығайтуға ықпал ететіні сөзсіз.

Берекелі жыл, баянды жоспар



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Қарағанды облысының әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте өңірдің агроөнеркәсіптік кешенін дамыту, көктемгі егіске дайындық және мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру мәселелері жан-жақты қарастырылды. Келелі жыныда бытырғы нәтижелер қорытындыланып, аудан-қалалардың биылғы жоспарлары нақтыланды, сондай-ақ, ауыл шаруашылығындағы өсімді сақтау, инвестиция тарту және цифрландыруды күшейту бағытында нақты бірқатар маңызды межелер белгіленді.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Аймақтың агроөнеркәсіптік кешені бытыр елді мол өсімге кенелтіп, алдағы даму қарқынына жаңа алғышарт түзіп берген. Жыл қорытындысы бойынша ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 531,1 млрд теңгені құрап, 2024 жылғы деңгейден 11,4%-ға артты. Нақты өндірістің тұрақты ұлғаюын көрсететін физикалық көлем индексі 100,3%-ға жетті.

Ең айқын нәтижелерге өсімдік шаруашылығының өкілдері қол жеткізді. Салада өндірілген өнім көлемі 286,9 млрд теңгені құрады да, өңір диқандары 1 095 мың тонна астық, 385 мың тонна картоп, 75 мың тонна көкөніс және 82,7 мың тонна майлы дақыл жинады. Табысқа егіс алқаптарының кеңеюі, жоғары өнімді тұқымдарды пайдалану, заманауи агротехнологияларды енгізу және мемлекеттік қолдаудың белсенділігі оң ықпал етті. Суармалы егіншілікті дамытуда да маңызды қадам жасалды. Жер көлемі 46,5 мың гектарға дейін ұлғайтылып, 2030 жылға қарай көшелі көрсеткішті 60 мың гектарға жеткізу жоспарланды. Мал қыстату науқанына қажетті жемшөп толық көлемде дайындалды, – деп мәлімдеді Қарағанды облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Сырым Бошпанов.

2025 жылы өңірдің агроөнеркәсіптік кешеніне 78,2 млрд теңге инвестиция тартылса, оның 69,1 млрд теңгесі ауыл шаруашылығына, 9,1 млрд теңгесі қайта өңдеуге бағытталды. 47,4 млрд теңгеге инвестициялық жобалар іске асырылып, 287 жаңа жұмыс орны ашылды. Жалпы сомасы 24,4 млрд теңгеге 2 177 ауыл шаруашылығы тауар өндірушісі мемлекеттік қолдау шараларын алды. «Ауыл аманаты» жобасы аясында 855 млн теңге несие беріліп, негізінен мал шаруашылығы саласында 97 жұмыс орны құрылды.

Жер ресурстары бойынша да маңызды жұмыстар жалғасуда: мемлекет меншігіне 146,2 мың гектар жер қайтарылып, оның 75%-ы ауыл шаруашылығы айналымына тартылды. Жайылымдық жер қоры белсенді түрде кеңейтілуде. Биылға да жоспар ауқымды. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 559,6 млрд теңге деңгейінде болжанду.

Қайта өңдеу саласында өндірісті жаңғырту мен заманауи кәсіпорындар құруға басымдық беріледі. Азықтүлік өндірісінің

көлемін 215,1 млрд теңгеге жеткізу көзделді. Осы жылы АӨК-ке салынатын инвестиция 100 млрд теңгеге дейін өсіп, 28 жоба жүзеге асырылып, 386 жұмыс орны ашылады. Ауыл шаруашылығы өндірушілеріне тікелей мемлекеттік қолдауға 24,4 млрд теңге, «Ауыл аманаты» жобасына 4,8 млрд теңге қарастырылған, – деп қосты Сырым Бошпанов.

Ал, Шет ауданының АӨК-і бұл жылға селкеусіз сеніммен қадам басуда. Өткен жылы мұндағы өндіріс жоспардан 4,2 пайызға артық орындалып, мал шаруашылығында айтарлықтай өсім күтіледі.

Жалпы құны 400 миллион теңгені құрайтын төрт жаңа инвестициялық жоба іске қосылуда жақын. Соның бірі – «Байназар» шаруашылығында 150 асыл тұқымды сиырға арналған заманауи мал шаруашылығы кешені. Қалған үшеуі 400 гектардан астам суармалы жерді айналымға енгізуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде ауданда жиырмаға жуық жаңа жұмыс орны ашылады, ал, «Ауыл аманаты» бағдарламасы ауыл тұрғындарының табысын арттыруды жалғастырады, – дейді Шет ауданының әкімі Мұхит Мұхтаров.

Өткен жыл Нұра ауданы үшін де елеулі табысқа толы болды. Ауыл шаруашылығындағы өндірістің нақты көлем индексі 104,1%-ға жетті. Даладағы өсімнің негізгі драйвері – егіс алқаптарын кеңейту. Биыл олардың көлемі 328,3 мың гектарды құрайды.

Мал шаруашылығында да айтарлықтай өсім күтілуде. Мұндай ілгерілеу мал өнімділігін арттыру, жемшөп базасын жақсарту және күтіп-бағу мен бордақылаудың заманауи технологияларын енгізу арқасында мүмкін болмақ. Ауыл шаруашылығы техникасының дайындығы 96,6%-ды құрайды, – деді сеніммен Нұра ауданы әкімінің орынбасары Қуаныш Теміров.

Осакаров ауданы көктемгі егіске сенімді дайындық үстінде. Аталған ауданда көктемгі дала жұмыстарына дайындық жоспарға сай, кідіріссіз жүргізілуде. Ауыл шаруашылығы

тауар өндірушілері ерте қаржыландыру мүмкіндіктерін белсенді пайдаланып, тұқым, жанар-жағармай және минералдық тыңайтқыштар сатып алуда. Қазіргі уақытта 46,7 мың тонна дөңді дақыл тұқымды құйылып, сақталды. Бұл – егіс науқанының уақытылы әрі сапалы басталуына жеткілікті қор.

Өткен 2025 жыл Қарағанды облысында мемлекеттік қызмет көрсету саласы үшін сенімді ілгерілеу мен халық сенімін нығайту кезеңі болды. Жыл қорытындысы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету кезіндегі заң бұзушылық саны 2024 жылмен салыстырғанда 5%-ға қысқарып, жалпы 16,3 миллионнан астам көрсетілген қызметтің ішінде 1 048 жағдайды құрады. Тағы бір маңызды жетістік – шағымдардың екі есеге азаюы: бар болғаны екі өтініш тіркеліп, әрқайсысы бойынша жедел шаралар қабылданған.

Бұл туралы облыстың ақпараттандыру, мемлекеттік қызметтер көрсету және архивтер басқармасының басшысы Константин Ильинский мәлімдеді.

Аппараттық кеңес соңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев сөз алып, жиын қатысушыларына қарап, ойын ашық айтты.

Біз бытыр жақсы нәтиже көрсеттік, бұл – рас. Бірақ, жақсы деген – әлі жеткіліксіз емес. Ауыл шаруашылығындағы өсімді сақтап қана қоймай, әр гектардан бұрынғыдан жоғары өнім алу – бұл енді міндет емес, қалыпты жай болуы тиіс. Аудан-қала әкімдері мен басқарма басшылары, құзыретті мекемелер өкілдері жауапкершілікті бек сезінуі керек. Көктемгі егіс – бұл жылдың алғашқы емтиханы. Техника дайын болса да, тұқым сапалы болса да, ең бастысы – жұмыстың үйлесімділігі мен тәртібі. Халықтың сенімін сақтау үшін күн сайын дәлелдеу терең мәнге ие. Осы орайда әр салада индикативті көрсеткіштерді сапалы орындауға мән берген маңызды, – деді Ермағанбет Қабулдаулы.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Тұрақтылық тұғырнамасы



Бүгінде қоғамда конституциялық реформа жан-жақты талқыланып, сараптамалық тұрғыдан зерделеніп жатыр. Бұл – заңды құбылыс. Себебі Конституция – жай ғана құқықтық акт емес, ол мемлекет дамуының идеологиялық және институционалдық тұғырнамасы. Сондықтан, жаңа Конституцияны қабылдау – еліміздің мемлекеттілігін нығайтуға бағытталған стратегиялық қадам болмақ.

Конституция жобасын әзірлеу жұмысы жалпақ жұртшылықтың қатысуымен, ашық жария пікірталас жағдайында жүргізілді. Үш жарым ай ішінде жұмыс тобы тарапынан ауқымды еңбек атқарылып, партиялар мен қоғамдық ұйымдардан келіп түскен бір жарым мыңнан астам өтініш жинақталып, сараланды. Жалпы алғанда төрт мыңнан астам ұсыныс қаралып, мемлекеттік жүйенің барлық негізгі бағыттарын камтитын кешенді өзгерістер пакеті дайындалды. Бұл үдеріске өңірлердің өкілдері – облыстық мәслихат төрағалары, қоғамдық кеңес мүшелері, сарапшылар тартылды. Комиссия құрамында ғалымдар, басқарушылар, кәсіпкерлер сынды кәсіби мамандармен қатар, әйелдердің де белсенді қатысуы гендерлік теңгерімнің сақталғанын көрсетті. Яғни, бұл құжат тар шеңберде емес, қоғамның әртүрлі әлеуметтік топтары мен кәсіби қауымдастықтарының қатысуымен әзірленді.

Жаңа жобадан білім, ғылым және инновациялар мемлекет қызметінің стратегиялық басым бағыты ретінде айқын бекітілуі – уақыт талабынан туындаған шешім. Ғылыми, техникалық және көркемөнер шығармашылығының еркіндігіне кепілдік берілуі, зияткерлік меншіктің заңмен қорғалуы – адами капиталды дамытуға берік құқықтық негіз қалыптастырады. Бұл – мемлекет ендігі жерде адам әлеуетін ашуды басты басымдықтардың бірі ретінде қарастыратынын білдіреді. Әсіресе, білім беру мен ғылымның сапалы әлеуметтік саясаттың тиімділігіне тікелей әсер ететінін ескерсек, бұл нормалардың маңызы ерекше.

Сонымен қатар, Конституция жобасында цифрлық дәуірдің талаптары ескерілген. Жеке өмірге қолсұғылмаушылық, қаржылық деректердің қорғалуы секілді мәселелердің негізгі заң деңгейінде бекітілуі – азаматтардың құқықтық қауіпсіздігін жаңа жағдайда қамтамасыз етудің нақты кепілі. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы жағдайында мұндай нормалардың болуы мемлекеттің заманауи сын-қатерлерге жауап бере алатынын көрсетеді.

Институционалдық жаңғырту да жобаның маңызды құрамдас бөлігі. Заң шығару бастамасы құқығына ие жоғары консультативтік орган ретінде Қазақстанның Халық кеңесін құру бастамасы халықтық өкілдік қағидатын нығайтып, мемлекеттік басқару ісіне қоғамның қатысу арналарын кеңейтеді. Бұл мемлекет пен азаматтар арасындағы диалогты күшейтіп, билік пен қоғам арасындағы сенім көпірін бекіте түседі. Бұл ретте Қазақстан халқы Ассамблеясы қызметінің жалғаса беретінін атап өткен жөн. Халық кеңесі қоғамдық келісім тетіктерін толықтыратын қосымша институт ретінде қарастырылады.

● БИЗНЕСТІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

«Алмалының» ауылға сыйы

Облыс аумағында ауылдық елдімекендердің спорттық әлеуетін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі. Соның жарқын мысалы – Шет ауданының Нұра ауылында заманауи дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің ашылуы. Аймақ басшысы Ермағанбет Бөлекпаев жаңа нысанның ашылу рәсіміне қатысты. Бұл нысан бір ауылмен шектелмей, тұтас ауданның спорттық өміріне жаңа серпін береді деп күтілуде.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жаңа кешен 200 орынға есептелген. Енді ауыл тұрғындары футбол, волейбол, қазақ күресі, бокс, жекпе-жек, сондай-ақ, тренажер залындағы жаттығуларды таңдап, жыл бойы үздіксіз спортпен шұғылдана алады. Бұрын спортпен айналысу үшін мектеп залын немесе бейімделмеген орындарды пайдалануға мәжбүр болған жастар пайдала бұл – көптен күткен мүмкіндік.

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ауыл тұрғындарын құттықтап, жобаның маңыздылығына тоқталды.

Сіздердің жаңа спорт кешенінің ашылуымен құттықтаймын. Мемлекет басшысы тау-кен өндіруші кәсіпорындарға өздері жұмыс істейтін елдімекендерде әлеуметтік және спорттық инфрақұрылымды дамыту жөнінде тапсырма берген болатын. Sary-Arka Copper Processing компаниясы бұл бастаманы қолдап, ауыл үшін заманауи спорт кешенін салды. Жабдықталу деңгейі мен сапасы жағынан ол қалалық ны-

сандардан кем түспейді. Біздің жоспарымызда өңірдің басқа ауылдарында да осындай спорт нысандарын салу бар, – деді Ермағанбет Бөлекпаев.

Шынында да, екі қабатты гимназияның ішкі құрылымы мен материалдық-техникалық базасы қазіргі заман талаптарына толық жауап береді. Бірінші қабатта футболға арналған әмбебап зал орналасқан. Мұнда жаттығулармен қатар, аудандық және өңірлік деңгейдегі жарыстар ұйымдастыруға да мүмкіндік бар. Спортшылар мен келушілерге арналған бөлек киім ауыстыру бөлмелері, жуыну кабиналары, жаттықтырушылар кабинеттері қарастырылған.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің директоры Әбдіжарас Нұркенұлы жаңа нысанның ауыл жастары үшін маңызын ерекше атап өтті.

Мұнда волейбол және қазақ күресі секциялары жұмыс істейді, заманауи жабдықтар мен тренажер залы бар. Барлық жағдай жасалған, – дейді Әбдіжарас Нұркенұлы.

Екінші қабатта күштік дайындық пен жекпе-жек спорт түр-



леріне арналған арнайы залдар орналасқан. Бокс пен күреске арналған кең әрі қауіпсіз алаңдар, жеке фитнес-зал ауыл спортшыларының кәсіби деңгейде дайындалуына жағдай жасайды. Жабдықтардың барлығы заманауи стандарттарға сай таңдалған.

Қазақ күресінен жаттықтырушы Бекнұр Әбдіғалым да жаңа кешеннің мүмкіндіктерін жоғары баға берді. Оның айтуынша,

осыған дейін жаттығулар мектептің спорт залында өткізілген.

Ауыл тұрғындары үшін, әсіресе, спортшылар үшін, осындай заманауи жабдықталған спорт кешенінің ашылуы – үлкен қуаныш. Ауданда жас әрі болашағынан үміт күттіретін жастар көп, олардың бір бөлігін мен жаттықтырамын. Сондықтан, жаңа чемпиондарды дайындау үшін жұмыла жұмыс істейміз, –

дейді Бекнұр Әбдіғалым.

Облыс әкімінің жұмыс сапары барысында «Алмалы» кен орнында болып, Sary-Arka Copper Processing зауытының қызметімен танысты. Кәсіпорын жоғары тазалықтағы катодты мыс өндіруге маманданған және өндіріс барысында экологиялық қауіпсіз технологияларды қолданады.

Зауыттың іске қосылуы өңір-

дегі түсті металлургия саласының дамуына тын серпін берген. Жобалық қуаты жылына 9 мың тоннадан астам мыс өндіруге мүмкіндік береді. Бүгінде мұнда шамамен 400 адам еңбек етеді және аудан тұрғындарын тұрақты жұмыспен қамтуға елеулі үлес қосып отыр.

Кәсіпорын директоры Асхат Мұқажанов облыс әкіміне негізгі өндірістік процестер туралы баяндап, алдағы даму жоспарларымен бөлісті. Кездесу барысында өндірісті кеңейту, еңбек жағдайларын жақсарту және әлеуметтік жобаларды қолдау мәселелері де сөз болды.

Ермағанбет Бөлекпаев еңбек ұжымымен жүздесіп, жұмысшылардың сұрақтарына жауап берді. Өңіме барысында аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы, жаңа жұмыс орындарын ашу және инфрақұрылымды жетілдіру бағытындағы жоспарлар талқыланды.

Жалпы, Шет ауданындағы жаңа спорт кешенінің ашылуы мен өндірістік нысандардың дамуы – өңірдегі әлеуметтік жауапкершілік пен экономикалық өсімді көрсетеді. Бұл бастамалар ауыл тұрғындарының өмір сапасын арттырып қана қоймай, жастардың болашағына салыпған инвестиция екенін аңғартады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Қарағанды қалалық референдум комиссиясы құрамы туралы ХАБАРЛАМА

Қарағанды қаласы, Гоголь көшесі, 34, 4 қа-бат, 4 кабинет, телефон 8(7212) 421224, электрондық пошта: tic_kar@saylau.kz

Төраға – Малдыбаев Дархан Дюсебаевич

Төраға орынбасары – Есімбасөва Алмагуль Садуақасовна

Хатшы – Амирова Марал Жақсылықовна

Мүшелері: Есенов Берик Усеинович, Нуржа-нов Жанат Мажидович, Садирбаева Ляйля Мар-леновна, Ысқақ Жандос Мұхтарұлы.

Қарағанды қаласының аумақтық референдум комиссиясы

Қарағанды қаласы әкімінің 2018 жылғы 19 желтоқсандағы №12/01 шешімімен құрылған

САЙЛАУ УАСҚАКЕЛЕРІНІҢ ШЕКАРАЛАРЫ

Қазыбек би атындағы аудан бойынша сайлау уасқакелері

№1 сайлау уасқакесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№1 Гимназия» коммунал-дық мемлекеттік мекемесі, Костенко көшесі, 13.

Шекаралары:

Алалықын көшесі – 1, 2, 3, 3а, 4, 6;

Ерубаев көшесі – 10, 12, 16;

Жамбыл көшесі – 1, 3, 5, 7, 19, 19/1, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43;

Костенко көшесі – 1, 3, 4, 11, 12, 14;

Абай көшесі – 1, 2, 3, 4а, 5, 6, 7, 9, 12, 16, 18, 20, 22, 24, 26, 28, 30, 32, 34;

Панфилов көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24;

Тішібек Аханов көшесі – 39.

№2 сайлау уасқакесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы «Қара-ғанды жоғары гуманитарлық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 22.

Шекаралары:

Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 14, 18, 20, 24, 26, 30, 32, 34, 36;

Алалықын көшесі – 11;

Гоголь көшесі – 15, 17, 19, 21, 23, 25;

Ерубаев көшесі – 24;

Абай көшесі – 17, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 37, 39, 41, 43;

Тішібек Аханов көшесі – 49, 51, 51/2, 53, 54, 55, 58;

Чижевский көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9А, 10, 10а, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20, 21а, 22, 23, 24, 25, 26, 26а, 27, 28, 29.

№3 сайлау уасқакесі

Орталығы: «№2 балалар музыка мектебі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Жамбыл көшесі, 17.

Шекаралары:

Алматын түйік көшесі – 1, 2, 3, 4, 8, 9, 6, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20;

Волжский түйік көшесі – 1, 1а, 2, 4, 6, 8, 10, 18, 20, 22;

Литовский түйік көшесі – 1, 2, 3, 4, 4/2, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 17;

Мраморный түйік көшесі – 1, 5, 7, 9, 11, 15, 17, 18, 19, 21, 23;

Балқантау көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 29, 30, 31, 33, 35, 36, 37, 39, 41, 43, 45, 46, 46а, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71;

Волгодонская көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13;

Гоголь көшесі – 1, 1/1, 1/2, 1/3, 1/4, 1/5, 1/6, 1/7, 1/8, 1/9, 1/10, 1/11, 1/12, 3а;

Громова көшесі – 1, 2, 3, 4, 4/1, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 17;

Доскей көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 5/2, 6, 7;

Ерубаев көшесі – 1а, 2, 3, 4, 6, 6а, 7;

Жангозин көшесі – 5/2, 6, 11;

Жамбыл көшесі – 2, 4, 6, 8, 10, 12, 18, 20, 20а, 24, 26, 28а, 30, 30/2, 32, 36, 38, 38а, 38б, 40, 40а, 42а, 44, 45, 46, 48, 48а, 49, 49а, 50, 52, 53;

Кузнецов көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12;

Абай көшесі – 36, 38, 40, 42, 4а;

Нестеров көшесі – 1, 2, 4, 4а, 4/1, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 13;

Панфилов көшесі – 8/1, 25, 26, 26/1, 26/2, 26/3, 27, 28, 28/1, 29, 29/1, 30, 31, 32, 33, 34;

Саресков көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 13/1, 13/2, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 36/2, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 56, 56а, 58;

Тішібек Аханов көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 11а, 12, 13, 14, 15, 15а, 16, 18, 20, 22, 29, 31, 33, 34, 38, 40;

Толстий көшесі – 1, 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 13, 15, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35;

Телевизионная көшесі – 1, 2, 2а, 3, 4, 4а, 5, 6, 7, 9, 45, 46, 48, 50, 50а;

Хрустальная көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19;

Кронштадская көшесі – 10, 16;

Физкультурная көшесі – 5.

№4 сайлау уасқакесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қара-ғанды қаласы білім бөлімінің «№2 Лейш» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Абай көшесі, 60.

Шекаралары:

Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 38, 40, 41/1, 42, 44, 46, 48, 48а, 52, 54;

Цветной түйік көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 10/2, 11, 13;

Аюпов көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 18, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 45;

Гоголь көшесі – 2, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 18, 20, 26, 28, 30;

Жамбыл көшесі – 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 89, 91, 93, 95, 95/2;

Абай көшесі – 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 55/1, 56, 57, 58, 59, 59/1, 59а, 61, 61/2, 61/3, 62, 63, 64;

Поспелов көшесі – 3, 5, 7, 9, 11, 19, 25;

Сәтбаев көшесі – 55, 57, 59, 61, 63, 65, 67, 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91;

Шкёров көшесі – 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 19, 19/1, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 31, 32, 34, 36, 38;

Чижевский көшесі – 32, 34, 35, 36, 37, 38, 40;

Цинцилий түйік көшесі – 2, 3, 7, 8/2, 9, 12, 13, 14, 18, 35, 39, 40, 45, 50, 58.

№5 сайлау уасқакесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қара-ғанды қаласы білім бөлімінің «№88 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мұстафин көшесі, 28.

Шекаралары:

Бийіктей түйік көшесі – 11, 13, 13а, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22;

Модельный түйік көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24;

Уренний түйік көшесі – 1, 2, 3, 3а, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 33, 35, 45;

Уренний отте жолы – 1, 2, 3, 4, 5, 7, 9, 10/5, 11, 11а, 12, 13, 13/1, 13/4, 13а, 15, 16, 17, 18, 19, 29, 31, 32, 33, 38, 40, 41, 43, 44, 45;

20-шы партъездз көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24;

Айнавоцкий көшесі – 1а, 2, 3, 3а, 4, 5, 5а, 6, 7, 7а, 8, 9, 9а, 10, 11, 11а, 12, 13, 13а, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21,

22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36;

Балқантау көшесі – 56, 58, 60, 62, 64, 66, 68, 70, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137, 138, 139, 140, 141, 142, 143, 144, 145, 146, 147, 148, 149, 150, 151, 152, 153, 154, 155, 156, 157, 158, 159, 160, 161, 162, 163, 164, 165, 166, 167, 168, 169, 170, 171, 172, 173, 174, 175, 176, 177, 178, 179, 180, 181, 182, 183, 184, 185, 186, 187, 188, 190, 191, 192, 193, 194, 195, 197;

Арқалык көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53;

Вишневский көшесі – 1, 1а, 2, 2а, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 16, 18;

Волгодонская көшесі – 14, 15, 16, 17, 17/3, 18, 18/6, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 67, 68, 69, 70, 71, 72, 73, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 93, 94, 96;

Гоголь көшесі – 2/2, 2/3, 2/4, 2/5, 2/6, 2/7, 2/8, 2/9, 2/10, 2/11;

Дегтярев көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16;

Ермолов көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 30;

Жамбыл көшесі – 88, 90, 92, 94, 96, 98, 99а, 99, 100, 101, 101а, 102, 103, 104, 105, 105а, 106, 107, 107а, 108, 109, 109а, 110, 111, 112, 113, 113а, 113/2, 114, 115, 115а, 117, 117а;

Космодемьянская көшесі – 1, 1а, 3, 5, 7;

Кронштадская көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49, 50, 53;

Кузнецов көшесі – 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29а, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36;

Күприч көшесі – 1, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15; Абай көшесі – 66, 68, 68а, 70, 72, 74, 74а, 76, 76а, 79;

Перов көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16;

Писарев көшесі – 40, 42, 44, 46, 46а;

Поспелов көшесі – 18, 20;

Сәтбаев көшесі – 62, 64, 66, 68, 70, 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 114, 115, 116, 118, 120, 122, 124, 126, 128, 130, 132, 134, 136, 138, 140, 142, 144, 146, 148, 150, 152, 154, 156, 158, 160, 162, 164, 166, 168, 170, 172, 174, 176, 178, 180, 182, 184, 186, 188, 190, 192, 194, 196, 198, 200, 202, 202-1, 206;

Сеченов көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20;

Столетов көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13; Федченко көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11;

Художественная көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15;

Шевцова көшесі – 1, 16, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14;

Шекстир көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 38а.

№6 сайлау уасқакесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қара-ғанды қаласы білім бөлімінің «№88 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Мұстафин көшесі, 28.

Шекаралары:

Мұстафин көшесі – 12, 14, 16, 16/2, 18, 18/2, 20, 22, 26, 30, 32, 32а;

Жамбыл көшесі – 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 125а, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 133, 134, 134/2, 135/2, 136, 138, 140, 142, 143, 144, 145, 146, 150, 150/1, 151, 152, 152/1, 152/2, 153, 155, 156, 157;

Гастелло көшесі – 4, 6, 8, 10, 12, 14, 16, 16/4, 18, 20, 22, 24, 25, 27;

Пригородная көшесі – 2, 4, 6, 8, 8-1, 10, 10а, 12, 14, 16, 18, 18/1, 20, 22, 22а, 22б, 23, 24, 24а, 26, 26а, 26б, 28, 30, 32, 34, 36, 38;

Разин көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 39-1, 39а, 39а, 39/2, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47, 48, 49;

Хмельницкий көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26;

Космодемьянская көшесі – 2, 4, 6, 8, 9, 10, 11, 13, 15, 15а, 16, 17, 18, 19, 21, 23, 25, 27, 29, 30, 32, 34, 36, 38, 39, 39а, 39б, 40, 42, 44, 46, 47, 48, 49, 50, 51, 53, 55, 57;

Терешкова көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 27, 29, 31, 32;

Писарев көшесі – 48, 50, 52, 53, 54, 55, 56, 57, 58, 59, 60, 61, 62, 63, 64, 65, 66, 66а, 67, 68, 69, 69а, 69б, 69/2, 69а, 70, 71, 72, 73, 74, 75, 76, 77, 79;

Уренний түйік көшесі – 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 38а, 39, 40, 41, 42, 43, 44, 45, 46, 47;

Гастелло көшесі – тұрғын алабы 23.

№7 сайлау уасқакесі

Орталығы: «Абылкас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» коммерциялық емес акционер-лік қоғамы, Терешкова көшесі, 40.

Шекаралары:

Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 62, 74, 76, 78, 80;

Терешкова көшесі – 34, 35, 37, 38, 39, 40, 41;

Мұстафин көшесі – 1, 1/1, 1/2, 2, 3, 5, 5/1, 6, 6/2, 6/3, 7, 8, 11, 13;

Гастелло көшесі – 28, 32, 34.

Абай көшесі – 81/2;

№8 сайлау уасқакесі

Орталығы: «Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерінің 6505 әскери болы» республи-калық мемлекеттік мекемесі, Сәтбаев көшесі, 93.

Шекаралары:

Сәтбаев көшесі – 93.

№9 сайлау уасқакесі

Орталығы:Қарағанды облысы Білім басқармасы «Мұра-гер» мамандандырылған мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Гоголь көшесі, 46а.

Шекаралары:

Гоголь көшесі – 50/1, 50/2, 51/3, 52, 52/1, 52/2, 54, 56/1, 56/2, 56/3, 56/4, 58, 58/2, 62, 64, 66, 68;

Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы – 63, 65, 65/1, 59, 61, 57, 55.

№10 сайлау уасқакесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасының Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп-гимназиясы»КММ Нүркен Әбдіров даңғылы, 37/1.

Шекаралары:

Баянқиска көшесі – 72, 74, 76, 78, 80, 82, 84, 86, 88, 90, 92, 94, 96, 98, 100, 102, 104, 106, 108, 110, 112, 114, 116, 118, 120, 122, 124, 126, 128, 130, 132, 134, 136, 138, 140, 142, 144, 146, 148, 150, 152, 154, 156, 158, 160, 162, 164, 166, 168, 170, 172, 174, 176, 178, 180, 182, 184, 186, 188;

Новоселов көшесі – 69, 71, 73, 75, 77, 79, 81, 83, 85, 87, 89, 91, 93, 95, 97, 99, 101, 103, 105, 107, 109, 109/2, 111, 113, 115, 115а, 117, 119, 121, 123, 125, 127, 129, 131, 135, 137, 139, 141, 143, 145;

Пичугин көшесі – 71, 72, 72/1, 73, 74, 75, 75В, 76, 77, 78, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 107, 108, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122, 123, 124, 125, 126, 127, 128, 129, 130, 131, 132, 133, 134, 135, 136, 137,

(**Жалғасы. Басы 3-бетте**)

Кондитерская көшесі – 75, 75а, 77, 78, 78а, 79, 80, 81, 82, 83, 84, 85, 86, 87, 88, 89, 90, 91, 92, 93, 94, 95, 96, 97, 98, 99, 100, 101, 102, 103, 104, 105, 106, 106а, 107, 108, 108а, 109, 110, 111, 112, 113, 114, 115, 116, 117, 118, 119, 120, 121, 122; Колхозная көшесі – 18, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 27а, 28, 29, 30, 31, 32, 32/1, 32а, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 38а, 39, 40, 41, 42, 43, 44.

№31 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласының білім бөлімі «Мағжан Жұмабаев атындағы Гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Степной-4 ықшам ауданы, 33/2.

Шекаралары: Степной-4 ықшам ауданы – 18, 19, 20, 20/1, 21, 22, 23, 23/2, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33.

№32 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласының білім бөлімі «Мағжан Жұмабаев атындағы Гимназия» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Степной-4 ықшам ауданы, 33/2.

Шекаралары: Степной-4 ықшам ауданы – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 8/1, 8/2, 9,10, 11, 12, 13, 14, 15, 15/2, 16, 17.

№33 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласының білім бөлімі «Әбс қосымша білім беру мектеп-орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Степной-1 ықшам ауданы.

Шекаралары: Степной-1 ықшам ауданы – 1, 5/48, 5/49, 6/40, 6/41, 6/42, 6/43, 6/44, 7/45, 7/46, 7/47; Степной-2 ықшам ауданы – 1, 1/2, 2, 2/4.

№34 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласының білім бөлімі «Әбс қосымша білім беру мектеп-орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Степной-1 ықшам ауданы.

Шекаралары: Степной-2 ықшам ауданы – 1/3, 1/4, 1/5, 1/8, 2/2, 3, 3/5, 4, 4/1, 4/2, 4/3, 4/4, 5, 6, 6/1, 6/2, 7, 7/62, 8, 8/61, 9, 9/2, 14/5, 14/15.

№35 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласының білім бөлімі «Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Гүлдер-1, 1/2.

Шекаралары: Тәттімбет көшесі – 5, 5/2, 5/5, 5А, 5Б, 8, 9,10,11,12,13,14.

№36 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Ыбырай Алтынсарин атындағы мектеп-лицей» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Гүлдер-1, 1/2.

Шекаралары: Тәттімбет көшесі – 15, 16, 16/1, 17, 18, 19.

№37 сайлау учаскесі

Орталығы: «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Мұқанов көшесі, 41.

Шекаралары: Мұқанов көшесі 43 тұрғын алабы учаске – 1, 3, 6; Мұқанов көшесі – 22, 43, 43/8, 43/9, 43/11, 43/12, 43/18, 43/21,45, 43/1, 45/2, 45/3, 45/4, 45/5, 45/6, 45/7, 45/8, 45/9, 45/10, 45/11, 45/12, 45/13, 45/14, 45/15, 45/16, 45/17, 45/19, 45/20, 45/21, 45/22, 45/23, 45/25, 45/27, 45/28, 45/30, 45/32, 45/35, 45/36,45/37, 45/38, 45/38, 45/40, 45/42, 45/43, 45/44, 45/45, 45/46, 45/48, 45/49, 45/50, 45/51, 45/52, 45/53, 45/54, 45/55, 45/56, 45/57, 45/58, 45/59, 45/60, 45/61, 45/62, 45/63, 45/64, 45/67,45/87,48/18, 49/10, 49/11, 49/12, 49/13,51/8, 53, 53/1, 53/8; 163 есептік квартал – 395 қырлыс, 45 қырлыс, 389 қырлыс, 2 қырлыс; 197 есептік квартал – 890 қырлыс; 200 есептік квартал – 25 қырлыс; 143 есептік квартал – 231, 232, 235, 286, 287, , 232, 235, 286, 287, 330, 330/1, 330/2, 330/4, 330/5, 330/6, 330/7, 330/8, 330/9, 330/10, 330/12, 330/15, 330/16, 330/17, 330/18, 330/19, 330/20, 330/21, 330/22, 330/23, 330/24, 330/25, 330/28, 330/29, 445; 134 есептік квартал – 490; 219 есептік квартал – 21; 220 есептік квартал – 1, 4;

№38 сайлау учаскесі

Орталығы: «Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, Мұқанов көшесі, 41.

Шекаралары: Степной-1 ықшам ауданы— 2/10, 2/11, 2/12, 2/13, 2/14, 2/15, 2/16, 2/17, 3/18, 3/19, 3/20, 3/21, 3/22, 3/23, 3/24, 3/25, 3/26, 3/27, 3/28, 4/29, 4/30, 4/31, 4/32, 4/33, 4/34, 4/35, 4/36, 4/37, 4/38, 6/9, 16, 19; Мұқанов көшесі – 19/2, 41/6, 41/24, 53, 53/1.

№39 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы Білім бөлімінің «№23 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Степной-3 ықшам ауданы Шекаралары: Степной-2 ықшам ауданы – 14/1; Степной-3 ықшам ауданы –1/2, 1/4, 1/4А, 1/10, 2/3, 3/16,6, 6/1, 6/2, 6/3, 7, 8.

№40 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы Білім бөлімінің «№23 жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Степной-3 ықшам ауданы.

Шекаралары: Гүлдер-1 ықшам ауданы – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 9, 10, 11, 12, 13, 14.

№ 41 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Кенпілер даңғылы, 66.

Шекаралары: Степной-3 ықшам ауданы – 3/1, 3/2, 3/3, 3/4, 3/5, 3/6, 3/7, 3/8, 3/9; Кенпілер даңғылы – 52, 52А.

Сарыарқа көшесі – 31, 31/1, 31/2, 31/3, 31/4, 31/5, 31/6, 31/7, 31/8, 31/9.

№42 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «Әл-Фараби атындағы мектеп-гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Кенпілер даңғылы, 66.

Шекаралары: Кенпілер даңғылы – 70, 74; «Тауғұл» ықшам ауданы– 1, 3, 4, 6А, 20, 38А,59У; «Тауғұл» ықшам ауданы, 1 көшесі – 11А, 13, 26/1, 27, 38, 59;

«Тауғұл» ықшам ауданы, 2 көшесі – 1А, 1Б, 8, 8/2, 9/1, 12, 14А, 15А, 16А, 17, 18/1, 21А, 22/3, 24, 24Б, 31, 31А, 35А, 36Б, 36/2, 37, 37А, 39А, 48А, 48Б; «Тауғұл» ықшам ауданы, 3 көшесі – 1, 2, 2А, 2/3, 4, 5, 6А, 9А, 10А, 11Б, 16А, 20, 22, 24А, 30А, 32, 36А, 38, 40А, 42, 48А; «Тауғұл» ықшам ауданы, Жантөре Әбішев көшесі – 1, 1Б, 4, 5, 6А, 8А, 9А, 11А, 12А, 13, 14А, 15, 16, 20А, 20/1, 26, 27А, 30А, 30А, 34, 36, 37, 38А,39Б, 41А, 4А, 44А, 45, 45А, 47, 49, 53А, 55, 57Б, 59, 89;

«Тауғұл» ықшам ауданы, алаңы 4 – 3; Тәттімбет көшесі – 37У.

№43 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Денсаулық сақтау басқармасының «Облыстық психиалдық денсаулық орталығы» шауарушылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Мұқанов көшесі, 35.

Шекаралары: Мұқанов көшесі – 35.

№44 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы «Қарағанды жоғары политехникалық колледжі» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, Бұқар жырау даңғылы, 9.

Шекаралары: Киселорудің түйік көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 20, 22, 21, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29,

30, 31, 32, 33, 34; Собырші түйік көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 10, 11, 12, 13, 14, 16, 17, 18, 19, 20; Сельский түйік көшесі – 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 56; Химический түйік көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6; Бұқар жырау даңғылы –1/1, 1/2, 1/4, 1/5, 1/7, 1/8, 1/9, 1/9а, 1/10, 1/11, 5, 7, 11, 11б, 13, 17, 21, 23, 25, 27, 29, 31, 33, 35, 39; Болотников көшесі – 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33;

Жауынгер-Интернационалистер көшесі – 2, 4, 14, 18, 20, 22, 22а, 24;

Инженерная көшесі – 2, 4, 6, 8, 8/2, 10; Ипподромная көшесі – 1, 1/1, 2, 3, 3а, 4, 5, 5а; Казахстанская көшесі – 9, 15, 16, 18, 18а; Коммунальная көшесі – 1, 1а, 16, 3; Механическая көшесі – 2, 4, 6, 8, 8а, 10; Московская көшесі – 2, 3, 5, 7, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23; Моторная көшесі – 1, 2, 3/1, 4, 6, 8, 10, 12, 14, 14а; Научная көшесі – 13, 17, 19; Нарманбет Төлепов көшесі – 7, 8, 12, 12-1, 16; Рейсовая көшесі – 1, 1/6; Чкалов көшесі – 2, 4, 5, 6; Сопыжан Ашпыев көшесі – 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 9а; Заводская көшесі – 1, 1а, 3, 5а, 5а, 5а-4; Металлургтер көшесі – 1.

№45 сайлау учаскесі

Орталығы: Қарағанды облысы Білім басқармасы Қарағанды қаласы білім бөлімінің «№78 негізгі орта мектеб» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, Баженов көшесі, 160.

